

Қазақстандағы діни ұйымдар. Эксперттер не дейді?

Адамзат тарихындағы дамудың қайсібір кезеңін алып қарасак та, бірде бір қоғам дінсіз болмағанын көреміз. Кеңес үкіметінің атеистік саясатының өзі одақтас республикадағы халықтардың тылысым күштерге сенімін жоғалтқан жоқ. Тәуелсіздік алып, еліміздің Конституциясында мемлекетіміз өзін зайырлы деп жариялауы қазақстандық қоғам санасында тыныс алған Тәңірге деген сенім-нанымдардың жандануына ерік берді. Әйтсе де ол тек қана ұлттық сипат алған мұсылмандық шарттардың орындалуына ғана емес, сонымен қатар, шетелдік миссионерлердің шекара асып, өз діни уағыздарын қалың бұқара арасына таратуына жол ашты. Иегова куәгерлері, Кришнаиттерден бастап, Агапе, Жаңа өмір және тағы басқалары кең ете жая бастады.


Ағымдағы жылдың 26 тамыз бен 13 қыркүйек аралығында «Нұр Отан» ХДП-ның парламентаризм институты еліміздегі діни ұйымдардың қызметіне қатысты эксперттік сұрау жүргізген болатын. Зерттеуде қарастырылған негізгі сұрақтардың бірі – діни ұйымдар және діни бірлестіктердің қызметтері және оладың кімдерге бағытталғандығы.

2009 жылдың 1 қазандағы ресми мәліметтеріне сәйкес Қазақстанда 4365 діни бірлестіктер мен топтар жұмыс істейді. Олардың 3695 (84,6%) заңды тұлғалар немесе филиалдар ретінде тіркелсе, 556 (12,8%) кішігірім топ ретінде есепке алынған. Ал 114-ті (2,6%) тіркеусіз қызмет етуде¹.

Эксперттер жалпы, діни бірлестіктердің қызмет етуін жағымды бағалайды. Олардың айтуы бойынша бұл ұйымдар қоғамның рухани-адамгершілік дамуына (36,5%) және өсіп келе жатқан ұрпақты адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеуде (19,2%) оң әсер береді. Бұл ұйымдардың болуы этностық мәдени дәстүрді сақтауға және дамытуға да өз үлесін қосады (17,3%) деп есептейтіндер де бар. Француз социологы Э.Дюркгейм (1858-1917) «қоғамдық қатынастар күрделене берген сайын, адамдардың өзара байланыстары әлсірей бастайды» деп айтқандай, адамдар дінге бет бұра бастайды, яғни оның өтемаздық қызметінің әсерін эксперттер (1,9%) де алға тартады.

Зайырлы мемлекеттерде тіркеуден өтпеген діни ұйымдардың қызмет етуі табиғи құбылыс. Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, кез келген ірі діни бірлестіктер деноминацияға айналмас бұрын азғантай көлемде тарала бастаған. Мұндай құбылыстар жаһандану процесіне тартылған барлық мемлекеттерде кездеседі.

Алайда, діни экстремизм адамзат қауіпсіздігіне қатер төндіріп тұрған кезеңде халықтың амандығына жауапты орган – мемлекет тіркеуінде болғаны жөн. 1 суретте көрсетілгендей еліміздегі тіркеусіз қызмет етіп жатқан діни топтар мен бірлестіктердің болуын сұрауға қатысқан әр бір он адамның сегізі жағымсыз деп таниды.



Сурет 1. Елімізде тіркеусіз қызмет ететін діни топтар мен бірлестіктерге қалай қарайсыз? % бойынша.

Эксперттердің 90% тіркеусіз діни бірлестіктердің жұмысын қауіпті деп есептейді және бұл көзқарастың ең басты себептері ретінде діни негізде жан-жал ошақтарының пайда

¹ ҚР Әділет министрлігі ДІК ресми мәліметтері

болуын (63,3%), ксенофобия, этностық және діни шыдамсыздықтың дамуын (33,3%), дәстүрлі рухани құндылықтардың ыдырауын (33,3%) және де лаңкестіктің таралуын көрсетеді (30,0%).

Айта кететін бір жайт, қазір этникалық қазақтар өздерін мұсылманбыз деп санағанымен, оның «шынайы» мұсылмандығына күмән келтіретін, мойындамайтын нағыз мұсылмандар болып (ислам парыздарын орындайтын, шариғат бойынша жүретін), көзге ұрып тұрмаса да арасы сөгіліп бара жатқандай.


Сұрауға қатысқан эксперттер де былай деп атап өтеді: «...«Мұсылмандану» процесінің кең етек жаюы нәтижесінде исламдық фундаментализмнің негізінің қалануы. Дәстүрлі деп саналып жүрген мұсылман діні қазіргі тарихи жағдайда адамдарға түрлі (соның ішінде электрондық та) жолдармен психологиялық қысым көрсету (қорқыту) арқылы өз ұстанымдарын күштеп тықпалаушы әрі өз өкілдерін, секталар мен культтар сияқты, қоғамнан бөлшектеуші дінге айналып, араб елдерінің идеологиясына қызмет етуге көшкен. Соның негізінде арабтандыру үрдісі де қарқынды жүзеге асуда. <...>. ҚР заңнамасы бірқатар агрессияшыл, лаңкестік идеяны басшылыққа алушы діни ұйымдардың мемлекет кеңістігінде әрекет етуіне 2005 жылы тыйым салды. Алайда тыйым салынған ұйымдар қызмет мазмұны мен бағытын сақтап, аттарын ғана өзгертіп, еш бөгетсіз қызмет атқарып, мүшелерін және әрекет ету аумақтарын кеңейтіп келеді».

Елімізде тіркеуде тұрмаған діни бірлестіктер мен ұйымдардың болу себептерін объективті және субъективті қарастырып көрейік. Біріншісі ретінде сауалнамаға қатысқан эксперттер қазақстандық заңнаманың жеткіліксіздігі мен мемлекет саясатында бірізділіктің болмауын айтады. Ал субъективті себептеріне бұл ұйымдардың белгісіз себептермен тіркеуге тұрудан жалтаруын айтады.

Ал осы діни бірлестіктердің қатарын кімдер толтырып жатыр? Әрине ол өз сеніміне жақтастарын бірге ала келген жоқ қой. Осы сұрақты біз сауалнамаға қатысқан эксперттерге қойып көрген едік. Олардың айтулары бойынша біріншіден, олардың қатарын көбейтіп жатқан жастар, екіншіден, төменгі тап өкілдері және үшіншіден, білімсіз халық бөлігі.

Бұл орайда, біз дәстүрлі емес діни ұйымдар мен радикалды діни топтар туралы айтып отырмыз. Негізгі ерекшеліктерінің бірі де сол, мұндай дәстүрлі емес ұйымдар өзінің қызметін айырықша, нақты адамдар тобына бағыттайды.

«Кейбір діни ұйымдарда көбінесе білімді, тіпті ғылыми дәрежесі бар адамдарды кездестіруге болады. Ал енді бірінде бизнес әлемінің «қаймақтары» мен шенеуніктер, үшінші бірінде әдетте мемлекеттік қызметкерлер көбірек кездеседі. <...>. Десек те, сенушілер арасында аталған топтардың барлығы бірдей кездесуі де мүмкін. Негізгі барлықтарының басты мақсаты - өз дінишілдерін жергілікті халық арасынан толықтыру (қазақтардан)» (әлеуметтану бойынша философия докторы, ҰЕҰ, Астана).
Сурет2.



Сурет 2. Халықтың қай бөлігімен түрлі діни ұйымдар толықтырылып жатыр? (жауаптардың қосындысы 100% артық, себебі эксперттерге

бірнеше жауап нұсқасын таңдау берілген)

«Көбінесе жаңа бағыттағы (дәстүрлі емес) діни бірлестіктер халықтың түрлі бөлігіне бағытталады. Мысалы Грейс – оқытушылар, дәрігерлер және т.б. көңілдеріне ойнайтын болса, «Иегова куәгерлері» білімі төмен халықпен «жұмыс істейді». (мемлекеттік қызметкер, Астана)

«...Сондай-ақ, діни ұйымдар бұқаралық-ұйымдастырушылық, ақпараттық-насихаттық мүмкіндіктерін жетілдіріп, оңтайландыру, қызмет ету аумағын кеңейту мақсатында зиялы қауым өкілдерін тартуға басымдық береді.» (оқытушы, Шығыс Қазақстан облысы)

Дегенмен, кез-келген діни ұйымның басты нысаны жастар болып қалуда. Әсіресе, бұл тұрғыда радикалды діни топтардың белсенділігі анық байқалады деп көрсетеді сұрауға қатысқан эксперттердің бірі.

Діни бірлестіктерге жастарды тартудың маңызды себептерінің бірі олардың жас шамасы, өмірлік қалыптасқан көзқарасының болмауы, санасындағы идеологиялық вакуум мен нақты діни білімнің жетіспеушілігі болып табылады.

Сауалнамаға қатысқан эксперттердің орташа жасы - 41 жасты құрайды. Олардың 63% әйелдерден, қалған 37% ер адамдардан тұрады. Эксперттердің жартысынан көбі, яғни 62% Парламент депутаттары мен жоғары және орта деңгей басшылары болса, қалған сарапшылар лауазымы бойынша өкілетті органдардың мамандары мен қызметкерлері.